

Оқулықтар мен оқу құралдарын жазу үшін шығармашылық демалыстар беру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 7 сәуірдегі N 492. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 665 қаулысымен. ~P020665

Педагогикалық және ғылыми қызметкерлерді білім берудің барлық деңгейлерінде арналған оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеуге тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Оқу және ғылыми орындардың басшылары педагогтік және ғылыми қызметкерлерге оқулықтар мен оқу құралдарының қолжазбаларын аяқтау жұмысы үшін негізгі жұмыс орнында орташа айлық жалақысын сақтай отырып, белгіленген тәртіппен конкурстық негізде 3 ай мерзімге дейін шығармашылық демалыс беруге құқылы.

2. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі мен Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы және Қаржы министрлігінің келісімімен бір ай мерзімде мыналарды әзірлесін және бекітсін:

Оқу және ғылым орындарының қызметкерлеріне шығармашылық демалыстар беру тәртібі туралы ереже;

Оқулықтар мен оқу құралдарының авторы болған қызметкерлерді конкурстық негізде материалдық көтермелеу туралы ереже;

Авторлардың қолжазбаларына конкурс өткізу тәртібі туралы ереже.

3. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі мен Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық атқарушы органдардың келісімі бойынша жыл сайын оқу жылының басында басылымдардың тақырыптық жоспарларын бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі